

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

20

23

БІЛІМ ГРАНТТАРЫ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

АЛМАТЫ 2023



# МАЗМҰНЫ

|                    |     |                    |     |
|--------------------|-----|--------------------|-----|
| Қор көрсеткіштері  | 003 | Құрмет тақтасы     | 009 |
| Қор бағдарламалары | 004 | Түлектерден аманат | 012 |
| БесТірек           | 005 | Білімгерлер Клубы  | 016 |
| Кәсібіңді таңда!   | 007 | Қаржылық есеп      | 018 |
| Кентау             | 008 | Байланыс           | 019 |



# Қор көрсеткіштері

280

грант пен шәкіртақы тағайындалды

105

білімгер диплом алды

84%

түлек жұмыс істейді

4

білімгер Қордың Түлектер Клубына грант алды

27

білімгер Work&Travel және алмасу бойынша шетелде оқыды

557

еріктілік жоба жүзеге асты

5%

түлектер оқуын жалғастырды

12

түлек магистратура бітірді

5

түлек шетелде жұмыс жасайды



1,1+

млрд.теңге бағдарламаларға жұмсалды



01

2007-2016

Қаржы-экономикалық мамандықтар бағытындағы бакалавриат бағдарламасы

02

2008-2012

Балалар үйінің түлектеріне арналған бағдарлама

03

2008-2016

Мүгедектігі бар жастарға арналған бағдарлама

04

2007 -

Ержан Тәтішев атындағы шәкіртақы бағдарламасы

05

2017 -

«Кәсібіңді таңда!» бағдарламасы

06

2017 -

«БесТірек» бағдарламасы

Білім гранттары  
бағдарламалары 2007-2023




# Байқау 2023

Қордың 2017 жылы іске қосылған ағымдағы үш бағдарламасының бірі, «БесТірек» бағдарламасы, болашақ кәсіпкерлерді қолдауға бағытталған. Бағдарлама 2007 жылдан 2016 жылға дейін іске асырылып келген бакалавриат бағдарламасының жаңартылған нұсқасына айналған Қордың эксклюзивті және бірегей өнімі болып табылады. БесТірек кәсіпкерлікте өз әлеуетін жүзеге асырғысы келетін жастарға бакалавр дәрежесінен бөлек, бизнесті жүргізуге қатысты білім мен дағдыларды игеруге мүмкіндік береді. Бағдарламаның ерекшелігі - алған білімді оқи отырып, тәжірибеде қолдануға негізделген PBL (practice based learning) атты оқыту тәсілінде. Жыл сайын қазақстандық мектеп пен колледж түлектері арасында үш кезеңнен тұратын іріктеу өткізіледі. Бірінші кезеңде үміткерлер өздерінің дайындық деңгейін, ынтасын және отбасының қаржылық жағдайын көрсететін онлайн өтініш береді. Екінші кезеңде сайыскерлер интерактивті ойынға қатысады, онда олар бәсекелестік жағдайында өздерінің жеке және іскерлік қасиеттерін көрсетулері керек. Үшінші кезеңде Қордың Қамқоршы Кеңесі пен Қазылар алқасы үміткерлерді талқылап, грант тағайындаумен байланысты ақырғы шешімге келеді. Кәсіпкерлік әлеуеті бар тұлға өзінің даралығы, шығармашылығы, икемділігі мен бейімделгіштігі, табандылығы мен шешімділігінің арқасында грант ұтып алады. Бағалау процесінде Қор әр үміткердің құндылықтарына, өмірлік қағидаттарына, қоршаған ортамен өзара әрекеттесу этикасына және эмпатия қабілетіне де назар аударады, өйткені бұл сипаттамалар Бағдарламаның мінсіз білімгері портретін құрайтын негіз болып табылады. Қазылар алқасы құрамына кәсіпкерлер, бизнес ортаның сарапшылары, HR мамандары, рекрутерлер, корпоративтік кәсіпкерлер және кәсіпкерлік нарығының басқа да ықпал етушілері шақырылады. Мысалы, 2023 жылғы іріктеуде комиссия құрамына: Еркін Тәтішев – Kusto Group директорлар кеңесінің төрағасы, Қордың Қамқоршылық кеңесінің негізін қалаушы және төрайымы, Салтанат Әбілтаева – «GastroClinic» және «Optimum Recruitment&Executive Search» рекрутингтік агенттігінің құрылтайшысы және бас директоры, Лейли Ушурова – Chocofamily Holding компаниясының HR директоры, Александр Ли – кәсіпкер, «Технодом» директорлар кеңесінің мүшесі, Фарангиза Шукашева – кәсіпкер, «ZimaBlue» ЖШС құрылтайшысы және бас директоры, Данияр Медетов – Almau Кәсіпкерлік және инновациялар мектебінің академиялық деканы шақырылды. Қонақ ретінде шақырылған спикерлер арасында Олегжан Бекетаев – кәсіпкер, «Үздік маркетинг-2023» атағының иегері, PR, ESG кеңесшісі және Латина Сатарова – өмірлік коуч, коммуникациялар және зорлық-зомбылықсыз коммуникация бойынша сарапшысы болды. Олардың бөліскен кәсіпкерлік тәжірибелері байқау қатысушыларын шабыттандырды.






# 2023 жеңімпаздары



*Нұрдәулет Дәужігіт,  
Тараз қаласы*



*Малика Құлмырза,  
Алматы обласы*



*Абылай Түрекешов,  
Алматы қаласы*

Грант иегерлері серіктес жоғарғы оқу орны – Алматы Менеджмент Университетінде «Кәсіпкерлік саласындағы бизнес басқару» мамандығын бойынша оқиды. Оқу бағдарламасы менеджмент, маркетинг, экономика және қаржы негіздерінен басқа, студенттердің кәсіпкерлік әлеуетін дамытуға қажетті пәндерді қамтиды. Олар университет өміріне белсене араласып, түрлі іс-шараларға қатысады, «service learning» пәні аясында еріктілік жұмыстарын орындайды, өйткені қолданбалы біліммен қатар, икемді дағдылардың табысқа апарар жолда маңызы зор. 2023 жылы өткен байқау нәтижесінде бес үміткер грант алды, алайда олардың бірі, Вероника Федоренко, оқу барысында Бағдарлама талаптарына сай келмегендіктен, гранттан шеттетілді.



*Индира Сәлімжан,  
Алматы қаласы*



*Вероника Федоренко,  
Алматы қаласы*

# Байқау 2023

«Кәсібіңді таңда!» бағдарламасы ерекше қажеттіліктері бар балаларға Қазақстанның кез-келген колледжінде таңдауы түскен сала бойынша арнаулы орта білім алуға мүмкіндік береді. Гранттар жыл сайын байқау негізінде тағайындалады. Іріктеу байқауға өтінім тапсыру, сұхбатқа қатысу, отбасының материалдық жағдайы туралы ақпарат беру сияқты үш кезеңнен тұрады. Бағдарламаның артықшылығы – байқауға Қазақстан азаматтары болып табылатын, ақыл-ой ауруларынан басқа кез-келген диагнозы және мүгедектігі бар 29 жасқа дейінгі жастар қатыса алады. Гранттарға іріктеудің шешуші кезеңі - сұхбат десе болады, себебі үміткермен жүздесіп, әңгіме барысында оның құлшынысы, ынтасы, өздігінен шешім қабылдау қабілеті, кәсіпке деген ұмтылыс және болашақ өмірде өз қажеттіліктерін қанағаттандыратын табыс көзі ретінде көре білуі байқалады. Қор осы бағдарлама білімгерлерінің кез-келген ұмтылыстары мен бастамаларын құптап, оларды өз іс-шараларына тартып отырады. Түрлі бағдарламада оқитын жастардың аралас-құралас болғандары олардың қарым-қатынас дағдыларын дамытады және кейін жұмысқа орналасуға септігін тигізеді.



2023 жылғы байқауда Алматыдағы тірек-қозғалыс мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған №2 мектеп-интернатының үш түлегі жеңімпаз атанды. Диас Жәлел Абылай хан атындағы шет тілдер университетінің колледжінде, Әйгерім Жұманұрова Тұран университетінің колледжінде дәріс алып отыр. Ділшат Тұрдиев 2020 жылғы байқауға қатысып, Қор грантына ие болды, алайда таңдаған колледж оны қабылдаудан бас тартты. Кейінгі жылдары ол оқуға түсуге тырысқанымен, колледждер оны қабылдамады. Үшінші талпынысы сәтті болып, қазіргі таңда Ділшат Инновациялық техникалық колледжінде оқып отыр. 2023 жылы Қор 4 үміткерге грант бөлді, бірақ олардың бірі медициналық себептерге байланысты гранттан өз еркімен бас тартуға мәжбүр болды.



*Диас Жәлел,  
Алматы қаласы*



*Әйгерім Жұманұрова,  
Алматы қаласы*



*Ділшат Тұрдиев,  
Алматы қаласы*





# Ержан Тәтішев атындағы шәкіртақы бағдарламасы 2023

Шәкіртақы бағдарламасы Түркістан облысы, Кентау қаласы Ю.А. Гагарин атындағы № 16 мектеп-лицейінің жоғары сынып оқушыларын қолдау мақсатында құрылған бағдарлама болып табылады. Қор аталмыш мектептің түлегі Ержан Тәтішевтің атын жаңғырту мақсатында мектепке қолдау көрсетіп отырады. Жыл сайын Қор мектептің материалдық-техникалық базасын жақсартуға күш салады. 2023 жылы Қор мектепке су жылытқыштары мен жүгірпе жолағын алу үшін қаражат бөлді. Мектеп әкімшілігі аталмыш заттардың мектеп қажеттіліктеріне сай екенін растап, Қорға өтінім жазды. Енді оқушылар мен мұғалімдер үшін қол жуу жайлы болды, әрі тұмау мен басқадай вирустық аурулардың асқынған мезгілінде қолдарын суық суға салып, жаурамайтын болады.

Жүгіртпе жолақ оқушылар, мұғалімдер мен ата-аналарға қатысты ақпаратты жеткізіп, хабарлама жасау үшін қолданылуда. Ержан Тәтішев атындағы шәкіртақы бағдарламасы байқауы әр оқу жылының басында өтеді. Бұған дейін іріктеу оқушылардың әлеуметтік жобалар идеяларына негізделген тұғын, жеңімпаздар ұсынған идеяларын жүзеге асыратын еді. Дегенмен, іске келгенде, қаражатты талап етпейтін жоба жоқтың қасы, тіпті ең бюджеттік деген жобаның өзі аз да болса, қаражатты қажет етеді. Сондықтан 2023 жылы шәкіртақыға оқу үлгерімі жоғары, пәндік олимпиадалардағы жүлделермен көзге түскен, шығармашылық және спорттық жарыстардағы жетістіктері бар мектеп атын жағыртып жүрген жастар ие бола алады.



2023 жылғы байқауда Аруна Есмакова,  
Дмитрий Букреев, Жақсылық Асылханұлы,  
Ильгиз Гамурзаков, Лаура Улугова, Муниса  
Кәрімжанова, Нұрасыл Сатыбалды, Элионора  
Хайруллаева деген 8 А, 9 А және В, 10 А және  
11 А сынып оқушылары мәреге жетті.







# Біздің жетістіктеріміз

Бестіректіктер – AlmaU студенттер қауымдастығының белсенді бөлігі және әрқашан жаңа білім, тәжірибе жинақтап, жаңа әсер алуға ұмтылады. Надежда Габдуллина Якутск қаласында өткен "Зергерлік бұйымдар креатонына" қатысып, командасымен Якутиядағы зергерлік бұйымдар топтамаларының сыртқы нарықтарына шығу стратегиясын әзірлеуге қатысты. Надежданың командасы жобамен жұмыс істеуді жалғастыруда және жоба якут зергерлік компанияларымен ынтымақтастық түрінде жалғасуы әбден мүмкін. Сонымен қатар Надя жыл сайынғы БАОП студенттері арасындағы Rocket Pitch байқауының жеңімпазы атанып, IELTS-қа дайындық курстарын өтуге мүмкіндік алды. Камилла Бексұлтанова, Дариға Зияфиддин және Әмина Исанова AlmaU-дың ұйымдастыруымен өтетін жыл сайынғы «StartUp Night» стартап байқауында екінші жүлделі орынға ие болды. Олардың «Fire» деп аталатын командасы кәсіпкерлерге қажетті құралдарды іздестіру жүйесін автоматтандыруға көмектесетін телеграм ботын ұсынды. БесТірек түлектерінің іске қосқан стартаптарының ішінде Қордың 2023 жылғы түлегі, Кенжебек Исмаиловтың жобасы табысты деуге тұрарлық. Оқу кезінде ол Қордың белсенді білімгерлерінің бірі болды және қазір оның беткеұстар амбассадоры десе, артық емес. Кенжебек оқу кезінде құрылыста қолданылатын арнайы техниканы жалға беру мақсатымен құрған <https://www.samosval.co>, airbnb стартапын бүгінде кеңейтуде. Бұл маркетплейс арқылы самосвалдардан бастап, экскаваторларға дейін кез-келген арнайы техниканы таба аласыз. 8 ай ішінде компания кірісі 241 486 034 теңгеге дейін өссе, 2023 жылдың қазан айында пайда 116 808 710 теңгені құрады.



**Поможем строить быстрее**

Мы можем в сутки вывезти от 1000м3 грунта и также доставить для Вас. Более 100 проверенных наших опытных специалистов помогут Вам

**Решим любой вопрос**

В чате или по телефону за один разговор, без долгих ожиданий



# AlmaU - Tatischev Wing

## Білім беру орталығының ашылуы



2023 жылдың жарқын оқиғаларының бірі Қор AlmaU базасында Kusto Group-пен бірлесіп құрған AlmaU – Tatischev Wing шығармашылық білім беру аймағының ашылуы болды. Бұл кеңістікте білім беру іс-шаралары, форумдар, конференциялар және басқа да шаралар өткізіледі.



# Шетелге сапар

Қордың білімгері, Камилла Бексұлтанова, көктемгі семестрді Академиялық икемділік бағдарламасы бойынша Германияның Хоф қаласындағы Hof University of Applied Science университетінде өткізді. Оқу бағдарламасы өте бай және қарқынды болды. Студенттерді бағдарлау мерзімінде олар университетпен танысты, түрлі экскурсияларға барып, неміс тілі курстарын өтті. Оқудың өзі үлкен қиындықтар тудырмады, Камилла оқу ерекшеліктерінің ішінде бүкіл оқу процесінің икемділігін атап өтті. Студенттер сабақ кестесі бойынша емес, өз қалауларымен алған пәндерді ғана оқиды, ал емтихан тапсыруға үш мүмкіндік беріледі. Мәдени ерекшеліктерге келетін болсақ, қоғамдық көліктердің кестеге сай уақытында қозғалуы, адамдардың бір-бірімен санасып, бәрін келіскен уақытта орындауы, т.с.с. немістерге тән керемет ұқыптылық ерекше әсер қалдырды. Қай салада болмасын, бар нәрсеге зейін салып ұйымдастырылған жайлылық арқасында мемлекет ішінде де, көрші елдерге де саяхаттау өте оңай әрі қолайлы болғандықтан, Камилла 9 ел мен 25 қаланы аралап шықты. Бұл сапар оған басқа елдердің мәдениетімен танысуға, жаңа достар табуға себеп болып, түрлі адамдармен қарым-қатынас жасауын дамыта түсті. Камилла үшін бұл бағдарлама өте құнды өмірлік тәжірибе болды. Алмасу немесе осыған ұқсас бағдарламалар бойынша оқуға мүмкіндік туындап жатса, басқа студенттер де оны жібермегейсіңдер демек Камилла.





**Дилназ Ахтаева**

Қор білімгері және  
AlmaU-дың IV курс студенті

“ Қор туралы мен оқып жүргенімде лицейге AlmaU атынан келген Әйгерім Қариеваның университет жайлы презентациясынан білдім. Шынымды айтсам, мен оны ол кезде күмәнмен қабылдадым. Біраздан соң мен университеттер сайттарды зерттеу барысында олардың бірінде өзім жоспарлаған бағыт бойынша грант алу мүмкіндігі туралы ақпаратқа тап болдым. Сорымыз ба, бағымыз ба, білмедім, біздің бірінші оқу жылымыз коронавирусқа байланысты онлайн режимде өтті. Алайда бұл әртүрлі байқауларға, форумдарға және іс-шараларға қашықтықтан қатысуға кедергі болған жоқ. Оқу барысында мен Кәсіпкерлік және инновациялар мектебінің тағылымдамадан өттім, #МаркДжобсНуркенулы деп аталатын икемді дағдыларды дамытуға арналған онлайн хақатонды өткізуге, Ecosystemerg.kz негізінде өткен «Әрекеттегі кәсіпкерлік» шарасына қатыстым, Babson Global Student Challenge шарасының модераторы, ал кейін ұйымдастырушысы болдым, Almaty Case Competition шарасын ұйымдастыруға көмектестім. Сонымен қатар, мен жоғары GPA көрсеткішін сақтауға және AlmaU Кәсіпкерлік және инновациялар мектебі мен Қор ұйымдастырған іс-шараларға – бизнес таңғы астарға, шеберлік сабақтарына және басқа да іс-шараларына қатысуға тырыстым. Керемет болды! Қорымыздың қолдауы болмаса, AlmaU-дағыдай ерекше тәжірибені ешбір жерден алмас едім деп ойлаймын, сол үшін өте ризамын! Бакалавр дәрежесін бітіргеннен кейін, мен шетелде оқуға мүмкіндік табуға күш салып, шетел тілдерін меңгеріп, дағдыларымды жақсартуға, жұмыс тәжірибесін алуға және портфолиомды кеңейтуге бір жыл уақытымды бөлуді жоспарлап отырмын. Сондай-ақ UX зерттеулері, цифрлық дизайн салаларында жұмыс істеп, жоба менеджері ретінде тәжірибемді кеңейткім келеді.”

**Дана Бақаева**

Қор білімгері және  
AlmaU-дың IV курс студенті

“ Мен осы жылы оқуымды аяқтап жатырмын және артыма қарасам, көптеген қызықты жағдайлар мен оқиғалар орын алды. Мен өз басымнан өткергенімді айтып берейін. Қор жайлы мектепте оқып жүрген кезімде білдім, ол кезде ақылы оқуға түсу арман еді, сондықтан мен Қор грантын жеңіп аламын деп бел будым, оған қоса бұл байқаудың әділ болатынына сендім. Іріктеу карантин уақытында қашықтан өтті. Коронавирус кезінде өзіміз жайлы бейнетаспа түсіргеніміз, кейстерді талдап, бір-бірімізбен танысқанымыз әлі есімде. Бірінші курста көзім жайнап, бәріне кірісе беретінмін. Қор білімгері де, екі студенттік ұйымның беткеуістар белсендісі және еріктісі - менмін. Бүкіл Қазақстан қатаралды жастарының үздік алтының қатарында екенім мені мақтаныш сезіміне бөлейтін. Жазда Жітіқараға «Қостанай минералдары» акционерлік қоғамында тәжірибеден өту ересектерге арналған лагерьдей болды. Әттең, ол кезде оның қадірін білмедім. Кофеханадағы жұмыс пен музыка сабақтарын, ән жазуды қатар алып жүрдім - шығармашылық өмірімдегі серігім еді. Екінші курста сабырлықты дос қылып, қиындықтарға мойыған жоқпын. Rocket Pitch стартаптар сайысы кезінде мұғалімдердің бірі, Эльнора Розмуттың көзіне түсіп, оның ER10 медиа жобасына сату менеджері ретінде шақырылдым. Бір жыл жұмыс істеп, табысты келісімдер жасасуға үлес қостым. Үшінші курс ең қызықты өткен уақыт еді - университеттің маркетинг бөлімінде жұмыс істедім, топта ән айттым, Алматыдағы «Stars On Ice» ауқымды эко-жобасына ерікті ретінде қатыстым, вокалдан сабақ бердім және соңында өз студиямды аштым. Оқу барысында елмен араласып, талай жетістікке жетіп, есейдім. Осы керемет кезеңді сыйлаған Қорға көп рахмет!”

**Надежда Габдуллина**

Қор білімгері және

AlmaU-дың IV курс студенті

“ Мен Қор жайында білім алуға арналған гранттар мен шәкіртақылар жайлы қарапайым іздестіру жүйесі арқылы таптым. Кәсіпкерлік мамандығын таңдау менің саналы таңдауым болды деп сеніммен айта аламын. Кәсіпкерлік пен инновациялар мектебінде өткен төрт жыл менің өмір бойы білім алу және өз-өзімді дамытуға алған бағытымнан таймайтынымды көрсетті, бірақ оқу барысында жаңаша құндылықтарды сіңіріп, серпінді идеяларды ойлап табу жолында жаңа мүмкіндіктерге жол ашылғаны хақ. Бұрын мен жағдайды логикалық бағалау мен сыни талдауды ғана басшылыққа алатынымын, бірақ әрекет етпеген қателеспейтінін мен іштей қабылдадым, сондықтан Қор мен Мектеп мен үшін кәсіпкерлік әлемін ашты деп санаймын. Қордың мүшесі бола отырып, мен ең бастысы адам болып қалу және өзіңе адал болу екенін түсіндім. Бұндай стратегия қымбатқа түсуі мүмкін, бірақ асылдың бірі — адалдық демек бар. Көп кезде қате жасасақ, одан бір ой түйеміз, өз жұмысымыздың нәтижесін анық көрсете алмасақ, өзімізді қолынан іс келмейтін олақ сезінеміз. Қор қауымдастығы қателігімді, жоспарлаған нәтижеге жетпегенімді мойындауға, өзім үшін шыншыл болуға үйретті. Бүгінде мен жұмыс істейтін бағытымды ізденудемін. Болашақ жоспарымды бір сөзбен айтсам: «Шабыттандырып қуат беретін іс жасап, бақытты күн кешуге барынша ұмтылу қажет». Бүгінде гедонист болу оңай көрінгенмен, осы күнге дейін біреуі де кезіккен емес. ”

**Назерке Жолдасова**

Қор білімгері және

AlmaU-дың IV курс студенті

“ Осыдан 13 жыл бұрын мектебімнің дәлізінде жүгіріп келе жатып, суретке толы әдемі стенд көзіме түсті. Ол мектебімнің үздік түлегі, кішкентай қалада өссе де, керемет жетістіктерге жеткен адамның құрметіне арналған стенд екенін білдім. Сол сәтте бойыма мектебім үшін және оның атын паш қылған адамға деген керемет мақтаныш сезімі ұялады. Ержан Тәтішевпен және оның құрметіне құрылған Қормен таныстығым осы жерден басталды. Сол кезде біреу жеті жылдан кейін Ержан Тәтішев Қорының грант иегері боласың десе, сенбес едім. Грант мен үшін көптеген мүмкіндіктерге жол ашты, Қор қызметінің қаншалықты маңызды екенін жете түсіндім. Елімізде дарынды жастар аз емес, олардың армандарын жүзеге асыруда, кемел келешек құруда Қордың көмегі зор. Қор арқасында мен күшті кәсіпкерлік бағдарламаны іске асырып отырған университеттің төртінші курс студентімін. Оқу өзіме, құндылықтарыма үлкен әсер етті. Алған білімім мен тәжірибем маған пайдасын тигізетініне күмән жоқ, өйткені мен игерген теория мен практика қиындықтарды ешкім шешіп көрмеген жолмен шешуге үйретті. Соның ішінде Қордың арқасында ұйымдастырылған «Қостанай минералдары» кәсіпорнындағы тағылымдаманы атап өткім келеді. Алғаш рет үлкен компанияда тәжірибе жинақтап, жұмыс механизмін іштен көріп, өте құнды тәжірибе жинақтадым. Мені әрқашан еліміздің аймақтары алаңдатады, ондағы қиындықтарды шешуге халыққа дұрыс білім бере отырып, шешуге болар еді. Болашақта жинақтаған білім мен машықтарымды адамдарға сапалы білім алуға мүмкіндік беретін жобада қолданғым келеді. Бұл менің ел алдындағы, маған сенім артып, адымдап өз мақсаттарыма жетуге көмектесіп отырған Қордың алдындағы жауапкершілігім деп білемін. ”



### Әмір Исаев

Қор білімгері және Қазақ-түрік колледжінің III курс студенті

“ Менің Қормен танысуым 2021 жылдың жазынан басталды, ол кезде түсем-ау деп жобалаған колледждерді қарастыру қажет-тұғын. Қор жайында әкемнің таныстарынан біліп, байқауға қатысып көрейін деп шештім. Сөйтіп Қор маған грант тағайындады. Бір таңқаларлық нәрсе - мен таңдаған колледж Қор кеңсесінен екі адым жерде болғаны. Факультетті өз дағдыларыма, әсіресе ағылшын тілін білетініме сүйене таңдап, аудармашы мамандығына түстім. Бірінші курс біркелкі әрі ең қарқынды өтті деймін. Жаңа дос тауып, жаңа уақыт кестесіне үйреністім, бұрын танытын адамдармен аралас қайта жанданды, мұның барлығына менің колледжім, Жоғары қазақ-түрік гуманитарлық-техникалық колледжі ұйытқы болды. Екінші және қазіргі үшінші курс қиындықсыз өтіп жатқан жоқ, бірақ нашар деп те айта алмаймын. Биыл мен колледжді тәмамдаймын және бір қызығы қазіргі кезде қаржы саласында жұмыс істеп жүрмін. Болашақта осы салада оқуымды жалғастырамын деп шештім, бұл сала көңілімнен шығады деген сенімдемін. ”



### Мейрамбек Денеев

Қор білімгері және Тұран университеті колледжінің III курс студенті

“ Мен биыл Тұран колледжін “инженер-бағдарламашы” мамандығы бойынша бітіремін. Маған бағдарламалар жасау ұнайды және осы бағытта оқуымды жалғастырғым келеді. Менің арманым адамдар қолданатын бағдарламаны жасау еді, сондықтан мобильді қосымшаларды әзірлеуші және веб-әзірлеуші болғым келеді. Шынымды айтсам, басында бұл бағытты таңдауда қорқыныш болды, оны алып жүре алмаймын деген іштей күмән болды. Мектепте оқып жүргенімде, маған психолог болуға қабілетің бар дегенді талай рет естідім, сондықтан алғашында психолог мамандығын меңгеремін деп ойлайтынмын, бірақ кейін болашақ кәсібім технологиямен байланысты болғанын қалайтынымды түсіндім. Тұранда бағдарламалау курсынан өткеннен кейін, осы колледжге түсемін деген арманым жетемін деп мақсат қойдым. Ойымды ұстазыммен бөлісіп едім, осы бастамамды жүзеге асыруға көмектесе алатын Ержан Тәтішев Қорына жүгін деп кеңес берді, ал мен болсам толық сеніммен және бар батылдықпен бағымды сынамаймын деп шештім. Арманым сенімім мол болғасын ба, байқаудан сүрінбей өттім! Қандай бақыт десеңші! Осы шешімім үшін мен еш уақытта өкінген емеспін, өйткені Қор қай уақытта болмасын, бізді жылы қабылдайды, ал білімгерлер бірін-бірі қолдап, әрқашан уайымдап, қиын кезде көмектесуге дайын, бәріміз бір үлкен отбасы сияқтымыз. Бұған қоса Қор көңілді мерекелер, жарыстар, саяхаттар өткізіп отырады, онда тек көңіл көтеріп қана қоймай, басқа адамдармен танысуға болады. Осының бәрі мен үшін - мәңгі ең үлкен қазынадан да құнды мәңгі естелік! ”



**Дінмұхаммед Смайылов**

Қор білімгері және Д.А.Қонаев атындағы колледждің III курс студенті


“ Мен Д.А. Қонаев атындағы колледждің үшінші курс студентімін, колледжді заңгер мамандығы бойынша үздік бағамен тәмамдап жатырмын. Мен колледжге Ержан Тәтішев Қорының түлектері тағайындаған гранттың арқасында түстім. Қор алғашқы танысқанымнан бастап, маған қатты ұнады және сенім ұялатты, Қор арқылы көптеген тәжірибе мен білім жинақтадым. Оқу барысында көптеген білмейтін ақпараттармен танысып, алға қойған мақсаттарыма адымдап жақындап келемін. Әйгілі француз философы мен жазушы Мишель де Монтень айтқандай: «Ешқандай мақсаты жоқ адам желкенсіз кеме секілді, адасып жүріп, құрып жоқ болады». Адамды арманға жеткізетін, биік шыңға шығаратын, талай белестерді өткеруге көмек беретін – алдына қойған мақсаты. Әрбір адам ойға алған ісіне, болашақ арманына, кез-келген жұмыста жетістікке жету үшін алдына мақсат қоюы тиіс және мақсаттың орындалуына бар күш-жігерін салуы керек деп ойлаймын. Колледжді бітірген соң, жоғарғы оқу орынына түсіп, үлкен маман иесі болуға ұмтылып алға қойған басты мақсатыма жетуге еңбектеніп жүзеге асыруға ұмтылудамын. Мен болашақта мүмкіндігі шектеулі жандарға құқықтық көмек және қоғамдық жерлерде, қоғамдық көліктерде ыңғайлылық жасауға көмектескім келеді, себебі әрбір адам кез-келген жерде өзін ыңғайлы және сенімді сезінуі тиіс.

”



# Еріктілік белсенділік

«БесТірек» бағдарламасының білімгерлері Қордың грантына ие бола отырып, жақсы оқу үлгерімін ұстанып қана қоймай, сонымен қатар қоғамдық пайдалы жұмыстарды орындауға міндеттеме алады. Өрбір грант алушы жыл сайын 192 сағат уақытын еріктілік жобаларға жұмсайды. Білімгерлердің қатысатын еріктілік жобалары жалпы уақыттың 60% құрау керек және халықтың осал топтарына білім беру қызметтері, гуманитарлық көмек беру түрінде және таңдалған бенефициарлар тобын дамытуға бағытталған кез-келген басқа көмек түріндегі пайдасын тигізуі керек. Білімгерлер қандай жобаларды жүзеге асыратынын өздері таңдай алады, үкіметтік емес ұйымдармен дербес келіссөздер жүргізеді, уақыт кестесін құрып, өз идеяларын жүзеге асырады. Еріктілік жұмыстың бір бөлігі Қордың қызметін жақсартуға бағытталған, яғни 40%-ы Қорды әлеуметтік желілерде насихаттауға, грантқа іріктеу кезеңінде және Қордың басқа да іс-шараларында техникалық қолдау көрсетуге және жұмыс процестерін оңтайландыруға жұмсалады. Жобалардың елге әкелетін тікелей пайдасымен қоса, еріктілік білімгерлердің икемді дағдыларын дамытуға, эмпатия деңгейін арттыруға, Қордың арқасында алған артықшылығына осылайша алғыс айтуға үйретеді, ал бұл, өз алдына, үлкен тәрбиелік мәні бар нәрсе.





# Волонтерлік қызметтің нәтижелері

22

волонтерлік жоба  
іске асты

1000+

тікелей бенефициарларға  
көмек көрсетілді

700 000+

теңге мұқтаж жандарға  
көмек ретінде жиналды

20

аутизммен ауыратын  
баланың қарым-  
қатынас дағдылары  
жетілдірілді

20

Балалар үйінің  
тәрбиеленушілері кәсіптік  
бағдар беру курстарынан  
өтті

50

жағдайы төмен отбасылары  
балалары ағылшын тілі  
курстарынан өтті

4

табиғи аумақ қоқыстан  
тазартылды

19%

Instagram желісіндегі  
жазылушылар саны  
артты


557

еріктілік жоба  
2007-2023  
жылдар арасында  
жүзеге асырылды



# Қаржылық есеп


## Бейіндік шығындар 2023



2023 жылы шығындардың жалпы сомасы 193 430 814,9 теңгені құрады. Оның 74,3% – демеушілік жобалар, 23,9% – білім гранттары, 1,2% – бағдарламалық қолдау және 0,6% – Кентау қаласындағы жастардың бастамаларын қолдауға арналған шығындар.

2022-2023 жж. Қор Kusto Group-пен бірлесіп AlmaU базасында білім беру хабын құру жобасын жүзеге асырды. Жобаның құны 143 701 043,90 теңгені құрады. AlmaU - Tatishev Wing деп аталатын бұл оқыту кеңістігінің салтанатты ашылуы 2023 жылдың 12 желтоқсанында университеттің 35 жылдығына орайласты. Қор 2010 жылдан бері AlmaU-мен табысты ынтымақтастықта жұмыс істеп келеді және бұл демеушілік жоба білім саласын мен білім беру жобаларын дамыту арқылы еліміздің өркендеуіне бір лайықты инвестиция болды.

Білім гранттарына жұмсалған 46 268 908 теңге мен бағдарламаларды қолдауға жұмсалған 2 310 503 теңгені қосқанда, бағдарлама шығындары Қордың 2023 жылғы барлық шығындарының 87%-ын құрады.





# Байланыс



[www.ytf.kz](http://www.ytf.kz)



[info@ytf.kz](mailto:info@ytf.kz)



[@tatishhev.foundation](https://www.instagram.com/tatishhev.foundation)



Фонд Ержана Татишева



+7 (727) 331 13 14

+7 (700) 331 13 14



Қазақстан Республикасы

Алматы қаласы, 050026

Байзақов көшесі, 125

“Номад” бизнес-орталығы , 307-нші кеңсе